

УДК 616.8-006-036.22-036.8-053.2-055.1/3 (574)

Орталық нерв жүйесінің қатерлі ісіктерінен Қазақстан халқы өлім-жітімінің жас-жыныстық ерекшеліктеріН.С. Игісінов^{1,2}, Е.Б. Адилбеков³, К.К. Гаитова², М.А. Құлмырзаев³«Central Asian Cancer Institute» АҚ, Астана¹«Астана медицина университеті» АҚ, Астана²«Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ, Астана³**Резюме****ВОЗРАСТНО-ПОЛОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ СМЕРТНОСТИ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА ОТ ЗЛОКАЧЕСТВЕННЫХ НОВООБРАЗОВАНИЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ НЕРВНОЙ СИСТЕМЫ**

Н.С. Игисинов, Е.Б. Адильбеков, К.К. Гаитова, М.А. Кульмирзаев

Изучены возрастно-половые особенности смертности населения республики от злокачественных опухолей центральной нервной системы (ЗН ЦНС). Материалом послужили данные Агентства РК по статистике (таблица С 51) о смертности от ЗН ЦНС. Исследование ретроспективное за 7 лет (2004-2010). В результате установлено, что грубый показатель смертности от ЗН ЦНС составил у мужчин – $3,5 \pm 0,1\%$, а для женщин – $2,6 \pm 0,1\%$. Анализ возрастных показателей смертности выявил пик смертности в 60-69 лет, как для мужчин, так и для женщин. При этом возрастные показатели смертности имели различную тенденцию.

Ключевые слова: смертность, злокачественные новообразования центральной нервной системы, возраст, пол.

Summary**AGE AND SEX CHARACTERISTICS OF THE MORTALITY FROM MALIGNANT NEOPLASMS OF CENTRAL NERVOUS SYSTEM AMONG POPULATION OF KAZAKHSTAN**

E.B. Adilbekov, N.S. Igissinov, K.K. Gaitova, M.A. Kulmirzaev

Were investigated age and sex characteristics of mortality from malignant neoplasms of central nervous system (MN of CNS) among population of the republic. The material of the study was data from Statistics Agency of Kazakhstan (table C 51) about the mortality from MN of CNS. The retrospective research for 7 years (2004-2010) has showed that crude indicator of mortality from MN of CNS amounted among male population $3.5 \pm 0.1\%$, and $2.6 \pm 0.1\%$ for female. The analysis of age indicators of mortality revealed the highest rate of mortality in 60-69 years, as for men as for women. At that age indicators of mortality had different tendency.

Key words: mortality, malignant neoplasms of CNS, age, sex.

Кіріспе. Обырдың ғаламдық ауыртпалығының ұлғаюы әлем халқының қартаюы мен артуы салдарынан маңызды дәрежеде жалғасуда. Сонымен, Обырды зерттеу бойынша халықаралық агенттіктің (ОЗХА) деректері бойынша GLOBOCAN 2008 негізінде әлемде жыл сайын орталық нерв жүйесі қатерлі ісіктерінің (ОНЖ ҚІ) шамамен 237 913 жаңа оқиғасы тіркеледі, оның 126 815-і (53,3%) еркектерде және 111 098-і (46,7%) әйелдерде кездеседі. ОЗХА-ның бағалауы бойынша әлемде жыл сайын 175 мың адам қайтыс болады, олардың 55,6%-ы еркектер және 44,4%-ы әйелдер [1]. ОНЖ ҚІ даму қаупінің факторларын зерттеу, қауіптің жеке факторларының рөлі толығымен анықталмай отыр, ал қолда бар деректер қарама-қайшылыққа толы [2, 3, 4, 5]. Республикада ОНЖ ҚІ салдарынан туындайтын өлім-жітім мәселелерін әсіресе жас және жыныстық ерекшеліктерді ескере отырып зерттеу ерекше қызығушылық туғызады. Бұл мақалада ОНЖ ҚІ салдарынан республика халқының өлім-жітімінің жас-жыныстық ерекшеліктері толығымен талданды.

Материал және зерттеу әдістері. Зерттеу материалы ретінде Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің (С51 формасы) ОНЖ ҚІ салдарынан халықтың өлім-жітімі, сондай-ақ халық саны туралы деректері пайдаланылды [6, 7]. 7 жылдық (2004-2010 ж) кезең зерттелді. Медициналық статистиканың көпшілік мақұлдаған әдістері [8] бойынша ОНЖ ҚІ салдарынан халықтың өлім-жітімінің экстенсивтік, үдемелі, стандартталған (әлемдік стандарт) және теңестірілген көрсеткіштері есептелді. Стандартталған көрсеткіш тікелей әдіспен есептелді, оның ішінде әлемдік стандарттық халық пайдаланылды. 7 жылдық кезеңдегі өлім-жітім көрсеткіштерінің динамикасы зерттелді, сонымен қатар


трендтер шағын шаршылар әдісімен өткізілді. Жылдық орташа мәндер (М), орташа қателік (m), 95% сенімді интервал (95% СИ), арту (T_a , %) мен кемудің (T_k , %) жылдық орташа темпі анықталды.

Нәтижелер және талқылау. ОНЖ ҚІ салдарынан 3 318 адам қайтыс болды, олардың 1 831-і (55,2%) еркектер және 1 487-сі (44,8%) әйелдер. ОНЖ ҚІ салдарынан қайтыс болғандардың жас топтары және жынысы бойынша меншікті салмағы 1-суретте көрсетілген. Қайтыс болғандардың ең көп меншікті салмағы еркектерде де, әйелдерде де 50-59 жас аралығын қамтиды және тиісінше 27,6% және 23,9%-ды құрайды. ОНЖ ҚІ салдарынан қайтыс болған еркектердің жылдық орташа жас мөлшері $46,6 \pm 0,5$ жасты (95% СИ=45,7-47,6 жас) құрайды, ал әйелдерде бұл көрсеткіш еркектерге қарағанда жоғары, яғни $49,8 \pm 0,7$ жас (95% ДИ=48,4-51,3 жас).


Белгіленген айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды ($p < 0,05$). Еркектер мен әйелдер динамикасында бұл көрсеткіштің шамалы арту үрдісі байқалды ($T_a = +0,7\%$ және $T_a = +1,0\%$ тиісінше). ОНЖ ҚІ салдарынан республикадағы еркектер өлім-жітімінің жылдық орташа долбарлы көрсеткіші $3,5 \pm 0,1\%$ (95% СИ=3,3-3,7^{0/0000}), ал әйелдерде – $2,6 \pm 0,1\%$ (95% СИ=2,5-2,8^{0/0000}). Динамикада ОНЖ ҚІ салдарынан туындаған еркектер өлім-жітімі $3,5\%$ -ден (2004ж.) 2010 жылы $3,3\%$ -ге дейін төмендеген.

Бұл теңестіруде көрсеткіштер де төмендеген, ал жылдық орташа кему темпі – $T_k = -1,9\%$. ОНЖ ҚІ салдарынан туындаған әйелдер өлім-жітімінің көрсеткіштері де $2,9\%$ -ден (2004ж.) 2010 жылы $2,4\%$ -ге дейін төмендеген ($T_k = -2,5\%$, 2-сурет).

ОНЖ ҚІ салдарынан туындаған еркектер өлім-жітімінің жас көрсеткіштері 60-69 жас аралығында ең жоғары болған – $13,9 \pm 0,9\%$ (95% СИ=12,2-15,6^{0/0000})



1-сурет – Қазақстанда ОНЖ ҚІ салдарынан қайтыс болғандардың жас мөлшері мен жынысы бойынша 2004-2010 жылдардағы меншікті салмағы



2-сурет – ОНЖ ҚІ салдарынан Қазақстан халқы өлім-жітімінің 2004-2010 жж. бойынша көрсеткіштер динамикасы

Бұл жас тобындағы теңестірілген көрсеткіштерде арту үрдісі байқалды $T_a=+4,4\%$. ОНЖ ҚІ салдарынан туындаған әйелдер өлім-жітімінің жас көрсеткіштері де 60-69 жас аралығында жоғары болған $-7,7 \pm 0,3^{0/0000}$ (95% СИ=7,1-8,3^{0/0000}). Бұл жас тобындағы өлім-жітім көрсеткіштерінің тренділері – $T_k=+1,6\%$. Өлім-жітімнің жас көрсеткіштерінің тренділері 1-кестеде берілген.

Республикадағы еркектер мен әйелдердің жас құрамын шығару мақсатында өлім-жітімнің стандартталған көрсеткіштері (әлемдік стандарт)

есептелді. Сонымен, ОНЖ ҚІ салдарынан республикадағы еркектер өлім-жітімінің жылдық орташа стандартталған көрсеткіші $3,8 \pm 0,1^{0/0000}$ -ді (95% СИ=3,3-3,7^{0/0000}) құрады.

ОНЖ ҚІ салдарынан әйелдер өлім-жітімінің стандартталған көрсеткіші (әлемдік стандарт) $2,5 \pm 0,1^{0/0000}$ -ді (95% СИ=2,3-2,6^{0/0000}) құрады. Динамикада еркектердің әлемдік стандартының 4,0-тен (2004 ж.) 2010 жылы $3,7^{0/0000}$ -ге дейін кему үрдісі байқалды.

1-кесте. Қазақстанда ОНЖ ҚІ салдарынан еркектер мен әйелдер өлім-жітімінің 2004-2010 жж. бойынша жылдық орташа жас көрсеткіштері.

Жас топтары, жас	Еркектер			Әйелдер		
	$P \pm m$	95% СИ	$T_{alk}, \%$	$P \pm m$	95% СИ	$T_{alk}, \%$
20-ға дейін	$1,1 \pm 0,1$	1,0-1,3	+0,2	$0,7 \pm 0,1$	0,6-0,8	-1,1
20-29	$1,4 \pm 0,2$	1,0-1,7	-7,5	$0,9 \pm 0,1$	0,7-1,2	-5,8
30-39	$2,5 \pm 0,3$	2,0-3,0	-5,9	$1,9 \pm 0,2$	1,5-2,2	-7,4
40-49	$4,5 \pm 0,3$	3,9-5,2	-4,2	$3,6 \pm 0,3$	3,1-4,2	-6,4
50-59	$11,0 \pm 0,7$	9,6-12,3	-3,8	$6,3 \pm 0,3$	5,7-7,0	-4,1
60-69	$13,9 \pm 0,9$	12,2-15,6	+4,4	$7,7 \pm 0,3$	7,1-8,3	+1,6
70-79	$8,9 \pm 0,5$	7,9-9,9	+0,9	$6,7 \pm 0,7$	5,4-8,1	+4,1
80+	$4,5 \pm 1,3$	1,9-7,0	-1,7	$4,5 \pm 0,8$	3,0-5,9	+8,0
Барлығы	$3,5 \pm 0,1$	3,3-3,7	-1,9	$2,6 \pm 0,1$	2,5-2,8	-2,5

Әлемдік стандартты теңестіруде де кему үрдісі байқалды ($T_k = -1,4\%$). Әйелдердің әлемдік стандарты да 2,7-ден (2004 ж.) 2010 жылы $2,3\%$ -ге дейін төмендеген ($T_k = -2,6\%$).

Қорытынды. Қазақстанда ОНЖ ҚІ салдарынан әйелдерге (44,8%) қарағанда еркектер (55,2%) көбірек қайтыс болған. Мұнда аталмыш патологиядан қайтыс болған еркектердің орташа жас мөлшері (46,6 жас) әйелдерге (49,8 жас) қарағанда статистикалық тұрғыдан едәуір төмен ($p < 0,05$). Бұл жағдайда қайтыс болған еркектердің де, әйелдердің де орташа жас мөлшерінде «қартаю» үрдісі байқалды. ОНЖ ҚІ салдарынан туындаған еркектер өлім-жітімінің жылдық орташа долбарлы көрсеткіші әйелдерге қарағанда статистикалық тұрғыдан едәуір жоғары ($p < 0,05$) – $3,5 \pm 0,1$ және $2,6 \pm 0,1\%$ тиісінше. Еркектер мен әйелдер өлім-жітімінің жас көрсеткіштері 60-69 жас аралығындағы жас тобында ерекше қарқынмен унимодальдық түрде артқан. Еркектер мен әйелдер өлім-жітімінің стандартталған көрсеткіштерінде долбарлы көрсеткіштермен салыстырғанда статистикалық айырмашылық байқалмады, ал динамикадағы теңестірілген көрсеткіштерде кему үрдісі байқалды. Динамикада ОНЖ ҚІ салдарынан туындаған өлім-жітімінің жас көрсеткіштерінің тренділері әртүрлі үрдіске ие болған. Мұнда 20-29 жас аралығындағы жас тобына жататын еркектердің кему үрдісінің тренділері ($T_k = -7,5\%$) 30-39 жас аралығындағы әйелдерге ($T_k = -7,4\%$) қарағанда едәуір жоғары. Еркектердегі жоғарғы көрсеткіш 60-69 жас аралығында ($T_k = +4,4\%$), ал әйелдерде 80 және одан жоғары жаста ($T_k = +8,0\%$) байқалған.

ОНЖ ҚІ салдарынан туындаған өлім-жітім

ерекшеліктерін жас-жыныстық ерекшеліктерді, мекен ету аймағын ескере отырып анықтау, сондай-ақ Қазақстанда патологияның ОНЖ ҚІ салдарынан туындаған өлім-жітім кезінде «жұмсалған өмірлік әлеуетті» бағалау біздің болашақтағы зерттеулеріміздің басым бағыты болмақ.

Әдебиеттер:

1. IARC. GLOBOCAN 2008: Cancer incidence and Mortality Worldwide in 2008: IARC Cancer Base No. 10, 2010. Available from: <http://globocan.iarc.fr> Accessed: March 10, 2012.
2. Балева Л.С. Злокачественные опухоли ЦНС. – М., 1997. – 150с.
3. Аношина С.В. Медико-частотные характеристики опухолей центральной нервной системы у детей Московской области: автореф... канд. мед.наук. – М., 2009. – 19с.
4. Saika K., Katanoda K. Comparison of time trends in brain and central nervous system cancer mortality (1990-2006) between countries based on the WHO mortality database // Jpn J Clin Oncol. – 2011, Feb. – N 41(2). – p. 304-5. PubMed PMID: 21273379
5. Filippini G. Epidemiology of primary central nervous system tumors // Handb Clin Neurol. – 2012. – N 104. – P. 3-22. PubMed PMID: 22230431.
6. Демографический ежегодник регионов Казахстана. Статистический сборник. – Алматы, 2006. – 548 с.
7. Демографический ежегодник Казахстана, 2008. Статистический сборник. – Астана, 2009. – 637 с.
8. Мерков А.М., Поляков Л.Е. Санитарная статистика. – Л.: Медицина, 1974. – 384 с.

УДК 614.86:616-036.8 (574)

Қазақстандағы жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім-жітім картограммасы

А.С. Әубәкірова, С.В. Ким, Н.С. Игісінов

Қоғамдық денсаулық сақтау институты Астана қаласы «Астана медициналық университет» АҚ

Тұжырым

Мақалада Қазақстанда жол-көлік оқиғасының өлім картограммасын, бірдей емес көрсету бойынша бөлу.

Резюме

КАРТОГРАММА СМЕРТНОСТИ ОТ ДОРОЖНО-ТРАНСПОРТНЫХ ПРОИСШЕСТВИЙ В КАЗАХСТАНЕ

А.С. Аубакирова, С.В. Ким, Н.С. Игисинов

В статье составлена картограмма смертности от дорожно-транспортных происшествий в Казахстане, которая показывает на неравномерное распределение. Высокие показатели смертности установлены в Акмолинской ($24,3\%$), Мангыстауской ($25,9\%$), Жамбылской ($27,3\%$), Алматинской ($29,3\%$) и Южно-Казахстанской ($32,4\%$) областях.

Ключевые слова: картограмма, смертность, дорожно-транспортное происшествие.

Summary

KARTOGRAMMA OF DEATH RATE FROM ROAD TRAFFIC ACCIDENTS IN KAZAKHSTAN

A.S. Aubakirova, S.V. Kim, N.S. Igissinov

In the article kartogramma of death rate is made from road traffic accidents in Kazakhstan, which shows on the uneven distributing. The high indexes of death rate are set in Akmola ($24,3\%$), Mangystau ($25,9\%$), Zhambyl ($27,3\%$), Almaty ($29,3\%$) and by South-Kazakhstan ($32,4\%$) areas.

Keywords: kartogramma, death rate, road traffic accident.

Кіріспе. Жол-көліктік жаракаттану жағдайлары маңызды, бірақ қоғамдық денсаулық сақтау елемейтін проблемасы болып табылады, осы проблеманың алдын-алу үшін тиімді әрі нақты күш салу керек. Адамдар күнделікті тап болатын барлық жүйелердің

ішінде жол қозғалысының жүйелері анағұрлым қауіпті әрі күрделі. Бағалау бойынша, әлемде жыл сайын жол апатынан 1,2 миллион адам қаза тапса, 50 миллионы ауыр жаракат алады екен. Болжам бойынша, егер алдын-алу шараларына назар аударылмаса, кейінгі 20